

ПО СТРАНЕ ПРОВОДИТСЯ МАСШТАБНАЯ РАБОТА ПО МОДЕРНИЗАЦИИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ. ОНА ПОЗВОЛИТ ПОВЫСИТЬ УРОВЕНЬ БЕЗОПАСНОСТИ И КАЧЕСТВА ОБСЛУЖИВАНИЯ, А ТАКЖЕ СОЗДАТЬ СОВРЕМЕННЫЕ И КОМФОРТНЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ЖИТЕЛЕЙ И ГОСТЕЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ.

Жанибек ТАЙЖАНОВ,  
вице-министр транспорта РК



№51 (3198)  
03/07/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## ҚТЖ УКРЕПЛЯЕТ ГЛОБАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО

**Масштабные проекты АО «НК «Қазақстан темір жолы» с Citi и Wabtec обсуждены в рамках Совета иностранных инвесторов в Астане.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талғат Алдыбергенов провел встречу с исполнительным вице-президентом и финансовым директором компании Wabtec Джоном Олин. Кроме того, состоялась встреча руководства ҚТЖ с управляющим директором, глобальным руководителем Citi Стефани фон Фридебург.

Во время встречи с Wabtec стороны обсудили ключевые направления дальнейшего сотрудничества в сфере модернизации локомотивного парка, развития сервисной инфраструктуры, локализации производства и внедрения цифровых технологий на железнодорожном транспорте.

Председатель правления ҚТЖ Талғат Алдыбергенов отметил, что Wabtec является стратегическим партнером ҚТЖ, сотрудничество с которым на протяжении многих лет способствует повышению надежности локомотивного парка и эффективности перевозочного процесса. Подчеркнута заинтересованность ҚТЖ в расширении взаимодействия по всему жизненному циклу локомотивов – от поставок и сервисного обслуживания до внедрения инновационных решений, технологий предиктивной диагностики и подготовки специалистов.

Особое внимание участники встречи уделили вопросам локализации производства компонентов в Казахстане, развитию современных сервисных мощностей и применению цифровых инструментов мониторинга технического состояния локомотивов.

К слову, реализуемое АО «НК «ҚТЖ» и Wabtec строительство Дворца творчества школьников



в поселке Сексеул Кызылординской области выполнено уже на 30%, что знаменует быстрый прогресс в создании многофункционального инновационного хаба общей площадью более 1 950 квадратных метров. Объект, объединяющий Дом школьников и Школу искусств, обеспечит качественное дополнительное образование для детей Аральского региона. При строительстве используются отечественные материалы, привлечено более 120 специалистов, а ввод объекта в эксплуатацию создаст 100 новых рабочих мест, что отражает высокие стандарты социальной ответственности партнеров. В городе Шалкар Актюбинской области также набирает обороты строительство новой школы искусств. На сегодняшний день проект реализован уже на 35%.

Работы также ведутся в рамках расширения стратегического сотрудничества АО «НК «Қазақстан темір жолы» с корпорацией Wabtec.

По итогам переговоров стороны подтвердили готовность к дальнейшему укреплению стратегического партнерства, направленному на повышение эффективности железнодорожных перевозок, развитие транзитного потенциала Казахстана и реализации совместных инвестиционных и технологических проектов.

Во время встречи руководства ҚТЖ с управляющим директором, глобальным руководителем Citi Стефани фон Фридебург обсуждено текущее сотрудничество и перспективы реализации совместных проектов. Отмечен успешный опыт взаимодействия в привлечении международного финансирования, а также в реализации проектов в сфере устойчивого финансирования и обновления локомотивного парка.

Стороны рассмотрели вопросы дальнейшего участия Citi в финансировании инфраструктурных проектов ҚТЖ, развития Транскаспийского международного транспортного маршрута и другие вопросы.

По итогам переговоров стороны подтвердили заинтересованность в дальнейшем расширении стратегического партнерства.

## АЛТЫ АЙДА – АЛТЫ МЛН ЖОЛАУШЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ биылғы алты айдың жұмысын қорытындылады. Осы кезеңде ұлттық тасымалдаушы пойыздарын 6 миллионнан астам жолаушы пайдаланған.

Жолаушыларды жөнелту көлемі бойынша Алматы алғашқы орында, онда жолаушылар ағыны 993 мың адамды құраған. Астана - 855 мың жолаушы, Шымкент – 393 мың жолаушы болып, мегаполистер көш бастаған.

Әрі қарай Ақтөбе облысынан - 615 мың жолаушы, Абай олысынан - 413 мың, Қарағанды облысынан - 390 мың, Қызылорда облысынан - 366 мың және Жамбыл облысынан - 286 мың жолаушы жөнелтіліп, жолаушылар ағынының өсімі тіркеліп отыр.

Теміржол тасымалына жоғары сұраныс әдетте жазғы және қысқы кезеңдерде, сондай-ақ мереке күндері байқалады. 2026 жылдың жазғы маусымында жоғары сұранысты қанағаттандыру үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ 15 қосымша теміржол маршруттарын ұйымдастырды, 4 қосымша «Тальго» және 3 қосымша қала маңындағы пойыздарды тағайындады. Қосымша пойыздар мен тіркеме вагондар Астана – Достық, Алматы – Достық, Семей – Достық, Өскемен – Достық, Қызылорда – Достық және Павлодар – Достық бағыттары бойынша жүреді. Сонымен қатар, Алматы – Астана, Астана – Шымкент, Ақтөбе – Астана, Қарағанды – Балқаш және Алматы – Семей бағыттарында орын саны артты.

Жоғары сұраныс кезеңінде жолаушылар бос орындарға билеттерді сатып алуға мүмкіндік беретін «күту парағы» қызметін белсенді пайдалануда. Жыл басынан бері «күту парағы» сервисі арқылы жолаушыларға 84 мыңнан астам бос орын ұсынылып, 28 мыңнан астам билет ресімделген.

Ұлан ОРАЗ



**Ғалым АЙТЖАНОВ,**  
Ақтау халықаралық теңіз сауда порты директорының міндетін атқарушы:

ҚАЗІР АҚТАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫНЫҢ АЛДЫНДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ОДАН ӘРІ ДАМУ, КОНТЕЙНЕРЛІК ҚУАТТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ, ЛОГИСТИКАЛЫҚ ПРОЦЕССТЕРДІ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КАСПИЙДЕГІ НЕГІЗГІ ТРАНЗИТТІК МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕГІ УСТАНЫМЫН НЫҒАЙТУ БОЙЫНША АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҮРІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН КЕЗ КЕЛГЕН ЖАҢҒЫRTU ЖОБАЛАРЫ БОЛМАСЫН, ПОРТТЫҢ ӨTKІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ УСЫНЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТТЕР СПЕКТРІН КЕҢЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚАНДЫАҒАШ  
СТАНЦИЯСЫНАН ТӘУЛІГІНЕ

**6** мыңға

ЖУЫҚ ВАГОН ӨТЕДІ.

БИЫЛҒЫ БЕС АЙДА АҚТАУ ПОРТЫНАН ЖҮКТЕРДІ АУЫСТЫРЫП ТИЕУДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

**2023** мың

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЕЛІМІЗДЕ КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДАУҒА

**31,9** мыңнан

АСТАМ ТРАНЗИТТІК ДЕКЛАРАЦИЯ РЕСІМДЕЛГЕН.

## Тасымал

### БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ДАМУДАДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов «Эстон темір жолдары» АҚ Басқарма төрағасы Мерле Курвитспен кездесіп, тараптар жүк тасымалын кеңейту, инфрақұрылымды жаңғырту және Орталық Азия мен Еуропа арасында жаңа логистикалық сервистер құру мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі туралы пікір алмасып, серіктестіктің стратегиялық перспективаларын белгіледі. Тараптар байланыстарды ұзақ мерзімді нығайтуға өзара мүдделілікті растады және Транскаспий халықаралық көлік бағдары шеңберінде бірлескен жобаларды қарады.

Кездесуге қатысушылар инфрақұрылымды цифрландыру мен мониторингке

ерекше назар аударды. Тараптар темір жолдарды күтіп ұстау саласында практикалық тәжірибе алмасып, диагностикалық заманауи әдістерін зерделеді және тасымалдау процесінің тиімділігін арттыру үшін цифрлық технологияларды енгізуді талқылады.

Сондай-ақ күн тәртібі аясында мульти-модальды тасымалдарды дамыту және жаңа жүк ағындарын тарту талқыланды.

Эстония теңіз порттарымен өзара іс-қимыл мәселелері қаралды және Қазақстан – Балтық елдері – Еуропа бағыты бойынша жүктерді тасымалдау көлемін ұлғайту жөніндегі қадамдар белгіленді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар әріптестікті одан әрі нығайтуға және бірлескен көліктік-логистикалық жобаларды дамытуға дайын екенін растады.

Дарын МЕДЕТ

## МАҚСАТ – ІСКЕРЛІК ЭТИКАНЫ НЫҒАЙТУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да корпоративтік мәдениетті қайта жаңғырту және имиджді нығайту бойынша ауқымды науқан басталды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында БАҚ қызметкерлерін марапаттау рәсімінде айтылған тапсырмалары аясында бұл мәселе үлкен мәнге ие болып отыр.

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

Мемлекет басшысы үлкенге құрмет, кішіге ізет, қамқорлық, жанашырлық және адамның қадір-қасиеті мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін кез келген әрекетке жол бермеу халқымыздың басты құндылықтары екенін ерекше атап өтті. Бұл тұрті ойды негізге алған түсіндіру жұмыстары ҚТЖ компаниясының орталық аппараты мен филиалдары және еншілес ұйымдары қызметкерлерінің қатысуымен өткен кеңестерде кеңінен қамтылды. Кеңестің негізгі спикері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Іскерлік әдеп және имиджі жөніндегі уәкілі Шолпан Әбілбекова өз сөзінде компания ғасырлық дәстүрлерге негізделген дәл өсиңдай өркениетті этикалық нормалардың тамырын жаюға ұмтылатынын атап өтті.

Оның айтуынша, компания теміржол саласының әрбір қызметкерін осы құндылықтар-

дың басты жолсерігі болуға шақырады, өйткені дәл осы әрбір теміржолшының жоғары жеке мәдениетінен ҚТЖ имиджі қалыптасады. Осы орайда өткізілген ауқымды кеңестер сериясы корпоративтік этика, іскерлік мәдениетті арттыру және ҚТЖ-ның оң имиджін қалыптастыру мәселелеріне арналды. Бұл жүйелі жұмыс бастылығы ерекше бақылауына алынып, барлық құрылымдық бөлімшелерде тұрақты негізде жалғастырылатын болады.

Бүкіл теміржол ұжымы үшін бұл принциптер күнделікті жұмыстың басты тәртібі болып табылады. Мәселенің практикалық жағына ерекше назар аудару қажет. Олар: мінсіз іскерлік стилі, яғни дресс-кодты және жұмыс орнындағы сыртқы келбет стандарттарын сақтау; цифрлық гигиена – бұл дегеніміз, әлеуметтік желілер мен медиа кеңістіктегі қызметкерлердің сауатты, дұрыс және жауапты мінез-құлқы;



сондай-ақ, коммуникация мәдениеті: қарым-қатынастың жоғары стандарттарын сақтау. –Әрбір теміржолшы өз орнында бүкіл компанияның келбеті болып табылады, – деді өз сөзінде Шолпан Ақылбекқызы, – Сондықтан теміржолда жұмыс істейтін әрбір қызметкер жеке мәдениетіне ерекше мән бергені абзал.

Кездесулер аясында компания имиджін негізі ерқашан оның басты құндылықтары – адамдар болып қала беретіні айтылды. ҚТЖ-ның мақтаншысы – теміржолда көп жылдар жұмыс

істеп келе жатқан теміржолшы әулеттері, олар ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырып, өз кәсібіне адалдығымен көпшілікке үлгі-өнеге болып келеді. Сондықтан да жаңартылған этикалық саясат еңбек адамын дәріптеуге бағытталып отыр. Іскерлік этиканың жаңартылған стандарттарын енгізу бойынша ауқымды түсіндіру және оқыту жұмыстары барлық өңірлерде, компанияның, құрылымдық бөлімшелерінде де жалғасын болады.

Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУК

## К БЕСШОВНОСТИ ПЕРЕВОЗОК

Соглашение о единой системе таможенного транзита Евразийского экономического союза и третьих сторон вступило в силу 29 июня 2026 года. Она призвана повысить безопасность и прозрачность трансграничных перевозок.

Нормы соглашения базируются на лучшем мировом опыте и закладывают принципиально новый уровень взаимодействия таможенных служб стран ЕАЭС и третьих стран в рамках контроля транзитных перевозок товаров. Кроме того, открывают дополнительные возможности для развития трансграничной торговли.

Практическая реализация соглашения обеспечит не только переход на новый уровень администрирования таможенного транзита в рамках ЕАЭС, но и откроет возможность присоединения к ней заинтересованных стран, не входящих в союз.

– Внедрение единой системы таможенного транзита ЕАЭС, в том числе подключение к ней третьих стран, позволит повысить уровень безопасности и прозрачности трансграничных перевозок, достичь бесшовности перевозок на евразийском пространстве и существенно снизить расходы бизнеса на доставку грузов до места назначения, – отметил министр по таможенному сотрудничеству ЕЭК Сергей Шкляев.

В числе ключевых нововведений следует выделить интеграцию информационных систем таможенных органов стран ЕАЭС и третьих стран для обмена данными о транзитных декларациях, результаты таможенного контроля и статусе перевозок. Взаимодействие будет осуществляться на основе единой транзитной декларации, формат и порядок заполнения которой будут едиными для всех договаривающихся сторон. В качестве прогрессивного инструмента контроля перевозок в соглашении предусмотрено использование электронных навигационных пломб, а также заложен механизм взаимного признания результатов таможенного контроля.

– Единая система таможенного транзита ЕАЭС будет способствовать расширению географии поставок: упрощенные транзитные процедуры сделают более привлекательными маршруты по таможенной территории ЕАЭС и третьих стран, стимулируя выход на новые рынки, – подчеркнул министр ЕЭК.

Любовь РОББА

## ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

**Ардақ ҮСЕЙНОВА,**  
Жамбыл



**Шу локомотив пайдалану депосында машинистер мен көмекші машинистер арасында «Мамандығы бойынша үздік» конкурсы өтті.**



Депо бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары Мейірхан Орысбай мұндай жоба мамандардың кәсіби деңгейін шыңдауға мүмкіндік беретінін атап өтіп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Оқыту жөніндегі нұсқаушы Олег Ермилов төрт кезеңнен тұратын жарыстың талаптарын түсіндірді.

Алғашқы тестілеу кезеңінде қатысушылар локомотив құрылғысы, техникалық эксплуатациялық ережесі, сигнализация бойынша және пойыздар қозғалысы мен маневрлік жұмыстар жөніндегі нұсқаулықтар бойынша теориялық білімдерін көрсетті. Екінші кезеңде үміткерлер фотосуреттер бойынша локомотив жабдықтарының қалай орналасатынын, қандай мақсатта қолданылатынын нақтылайтын викториналық сұрақтарға жауап берді.

– Үшінші кезеңде қатысушылар локомотивтегі практикалық дағдыларын көрсетті. Айталық, шартты түрдегі ақаулар кезінде стандартты емес жағдайларда жедел әрекет етуі керек болды. Байқауға қатысқан 9 машинистің ішінен суперфиналға үш кезеңде 65 балл жинаған Айбек Тұрғыналы, 65 ұпаймен Эдуард Вишерский, ұпай саны 53-ке жеткен Ұлан Әбдіқадиров шықты. Машинистердің көмекшілері М.Әбдірәлі, К.Филипов, О.Саке, С.Тұрсын, Д.Шынтен арасындағы бәсеке де аса тартысты болды, – дейді нұсқаушы Олег Ермилов.

Байқау қорытындысы бойынша локомотивті бөлшектеу және құрастыру кезінде ең жақсы нәтиже көрсеткен машинист Айбек Тұрғыналы жеңімпаз деп таныла, үздік машинист көмекшісі Диас Шынтен атанды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен марапатталды.

*Суретті түсірген автор*

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНІК БЕРІЛДІ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана



**Жақында «Кедентранссервис» АҚ-да теміржол көлігі саласындағы сыбайлас жемқорлықтың және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша оқыту семинары өтті.**

Іс-шараға ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің өкілдері және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Комплаенс қызметінің басшысы қатысты.

Семинар барысында мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың өзекті мәселелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың негізгі талаптары, сондай-ақ осы саладағы соңғы өзгерістер мен жаңалықтар қарастырылды. Спикерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі ережелеріне жан-жақты тоқталып, ұйымдар қызметінің ашықтығы мен адалдығын арттыруға бағытталған мемлекеттік реформалар туралы баяндады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілерінің тәжірибелік мысалдары мен олардың құқықтық салдары түсіндірілді. Әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау, мүдделер қақтығысының алдын алу және қызметкерлердің заңнама талаптарын сақтау жөніндегі жеке жауапкершілігі мәселелеріне ерекше назар аударылды.

## ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАТУДА

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Ақмола




**Қазақстан темір жолдарында жыл басынан бері пойыздардың 642 рет шұғыл тежелу фактісі тіркеліп, оның 440-ы теміржолға төрт түліктің шығып кетуіне байланысты болған.**

Өткен демалыс күндерінің өзінде Ақтөбе, Павлодар, Абай, Жетісу және Жамбыл облыстарында осындай бірнеше оқиға тіркелді. Машинистер теміржол бойында жылқы мен ірі қара малдың жүруіне байланысты шұғыл тежегішті қолдануға мәжбүр болды. Кейбір жағдайларда локомотив бригадаларының жедел әрекетінің арқасында малды қағып кетудің алдын алу мүмкін болды. Аталған фактілер бойынша көлік полицейлері мал иелерін анықтап, теміржол бойына қараусыз жібергендері үшін жауапкершілікке тартылды.

Әрбір шұғыл тежелу пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне, жолаушылар мен теміржол қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп қана қоймай, пойыздар қозғалысы кестесінің бұзылуына және материалдық шығындарға әкеп соғуы мүмкін. Осындай оқиғалардың алдын алу мақсатында көліктегі тәртіп сақшылары теміржол маңындағы елді мекен тұрғындары мен мал иелері арасында тұрақты түрде профилактикалық жұмыстар жүргізіп, теміржолға жақын жерде мал жаю қағидаларын түсіндіруде. Соған қарамастан кейбір азаматтар белгіленген талаптарды елемей, қауіпті жағдайлардың туындауына себеп болуда.

## «INTEGRA CONSTRUCTION KZ» – ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ



**Тоқсаныншы жылдардың соңында нарықтық экономикаға енді көше бастаған Қазақстанда теміржол салу және жөндеу қызметін ұсынған «Жол жөндеуші» кәсіпорыны құрылды. Бүгінде «Integra Construction KZ» ЖШС аталатын компанияның Бас директоры Мадияр Саттыбаевпен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.**



– Мадияр Бейбітұлы, отандық нарықта алғашқы болып тыннан түрен салған шағын мекеме бүгінде жол құрылысы мен жобасын жүргізіп, күрделі жөндеу мен реконструкциялауға маманданған, халықаралық нарықта мойындалған ірі компанияға айналды. Осы отыз жылға жуық уақыт сіздерге не берді?

– «Жол жөндеуші» компаниясы құрылғалы бері негізгі қызметі ретінде теміржолды күрделі жөндеу бағытын ұстанып келеді. Бүгінде «Integra Construction KZ» ЖШС атанған мекемеміз қызмет бағытын әртарапандырып, автожол, тұрғынүй, теңіз және құрлық порттарын салу, инженерлік жүйелер, спорт және мәдени, білім беру бөліктерінен тұратын азаматтық құрылыс төрізді тармақтарда көкейегін кеңейтіп отыр. Десек те, теміржол құрылысы әлі де басты бағытымыз екенін айтып өткім келеді.

Өздеріңіз білесіздер, Тәуелсіздік жылдары жаңа теміржол желілерін салу айрықша қарқын алды. Біздің құрылыс компаниясы нарықтың белді әрі ірі ойыншысына айналды. «Ақсу – Дегелең», «Хромтау – Алтынсарин», «Жетіген – Қорғас», «Жезқазған – Сексеуіл», «Арқалық – Шұбаркөл» сынды жобалардың барлығына атсалыстық. Жұмыс көлемі артқан сайын біздің де ауқымымыз кеңі түсті. Қызылорда мен Қостанай және Алматы қалаларында 3 дирекция құрылып, оларға 19 өндірістік база қарайтын болды. Теміржол төселетін жердің топырағын дайындап, оған қос рельс пен шпал төсеу, байланыс пен белгі құралдарын орнату, көпір мен жасанды құрылымдар салу секілді көптеген маңызды іс-қимылды толық қамтитын тиімді басқару үдерісін жасақтадық. Халықаралық ауқымда да тәжірибе жинап, мәселен, Әзірбайжан мен Ауғанстанда теміржол салдық.

– «Integra Construction KZ» ЖШС тарихына айналған жобалары атай аласыз ба? Компанияның техникалық парк қандай?

– Баршаға белгілі, тіпті 1000 шақырымға созылған «Жезқазған – Бейнеу» желісі теміржолшылар арасында «Ғасыр құрылысы» деген атауды иеленді. Келесі 836 км «Достық – Мойынты» магистралі де, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды теміржол жобасының бірі саналады. Осы құрылыстың бәрінде қолтаңбамыз қалғаны біздің де тарихымыз деп білеміз.

Ал техникалық паркке келсек, барлығы 3 мыңнан астам техникамыз бар, ірілерінен бөлек шағын механизация құралдарын да пайдаланамыз. Соңғы жылдары авто-трактор паркін түгел жаңарттық. Қазіргі кезде жұмысты кешенді жүргізу үшін жаңа жол төсеу, түзеу машиналары алынып жатыр. Осы күнге дейін 4 мың км теміржол салып, 8 мың шақырым жолға күрделі жөндеу жұмысын жүргіздік.

– Бәсекелестеріңіз кім, өздеріңізді монополист сезінесіздер ма? Компания тарихында қиын жылдар болды ма, жалпы басты қиындық немесе кедергі неде?

– Integra өзін монополист деп айта алмайды. Себебі, өздеріңіз білесіздер, Қазақстан нарығы

барша қатысушыға ашық, бәсекелестік жоғары. Біз тек сапа мен құрылыстың уақытылы аяқталуына кепілдік береміз. Ал компания қиындықтарға жолықты ма дегенге келсек, әлбетте осы отыз жылда талай сын сағаттар болды. Бірақ олардан біз сабақ алмасақ ұтылған жоқпыз. Қайта шыңдалып, деңгейіміз өсіп, дамыған күйде шықтық. Оны көзі қарақты оқырман қазіргі жұмыс қарқыны мен бағындырған белестерден аңғара алатыны анық.

– Әрине, кез келген компанияның дамуы ең алдымен қаржылық жағдайына байланысты, бұл тұрғыда алпауыт компанияның ахуалы қалай?

Біздің ең басты құндылығымыз – кадрлық әлеует, адамдарымыз. Сондықтан оларға өнімді еңбек етіп, жақсы өмір сүруі үшін барынша жағдай жасалады. Бұл дегеніміз, еңбек нарығында қабілетті жалақыдан бөлек жайлы ахуал, әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған. Нысандар өртүрлі жерде орналасқандықтан, жұмыскерлердің жүріп-тұруына, тамақтануына және тынығуына, арнайы киім мен қорғаныс заттарына жеткілікті көңіл бөлінеді. Ол үшін құрылыс телімдеріне үнемі барып, ахуалды көзбен көріп, жан-жақты бағалап, зерделейміз, жұмысшылардың пікірлерін білеміз. Осының бәрі тоғысып келіп, біте-қайнасқан берекелі жұмыстың жемісі қаржылық жағдайды нығайтады. Егер бізді елімізде және шетелде танып, мойындап жатса, бұл табыстың артында бірінші басшыдан бастап қарапайым жұмысшыға дейін жалғасын тапқан қыруар еңбек тұр.

– Компанияның жетістігі мен мақтанышы не дер едіңіз?

– Біздің басты ұстанымымыздың бірі – өзіміз жауапкершілігімізге алған құрылыстарды уақытында, тіпті ерте, толыққанды аяқтауға тырысу. Жол құрылысымен шектеліп қалмай, түрлі салада бағымызды сынап көрудеміз. Каспий теңізі жағалауында Құрық паром кешені инфрақұрылымын түзіп, жылдық өткізу қабілеті 240 мың жиырма футтық контейнер болатын Ақтау халықаралық контейнерлік хабының құрылысын мерзімінен бұрын аяқтадық. Ал Алматыдағы біз салған сел тасқынынан қорғайтын «Аюсай» бөгеті 500 мыңнан астам адам мен 2 мыңға жуық нысанның табиғат апатынан қорғалуын қамтамасыз етеді. Атырауда газ өңдеу зауыты, Түркістанда бу-газ қондырғысы сияқты өнеркәсіп нысандарын салудамыз. Мысалға Қазақстан бойынша «Келешек мектептері (Жайлы мектеп)» ұлттық жобасы аясында 15 мектеп салдық. Айтқым келгені, компаниямыз бір бағытта ғана түйықталып қалмай, түрлі дағдыны игерген, ортақ іске жұмылған батыл командасымен мақтанады.

– Демек, компания теміржол құрылысынан бөлек әлеуметтік жобаларды да табысты жүргізіп отыр, қызмет көрсету спектрін әртарапандырумен қатар әлеуметтік жауапкершілік аясындағы жобалар да бар болар?

– Иә, жоғарыда айтып өттік, басты бағытымыз жол құрылысы болса да мектеп, тұрғын үй салу сияқты әлеуметтік жобаларды да орындаймыз. Бұдан бөлек, қай-

ырымдылық қызметіне де көңіл бөлеміз. Мысалы, Integra Алматы қаласындағы «Бағанашыл» балалар үйін қайта жаңғырту жобасының бас мердігері болып табылады. Жоба компанияның жеке қаражаты есебінен толық жүзеге асырылып, тәрбиеленушілер үшін заманауи, қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Құрылысты қаланың ардагерлер кеңесімен бірге балалардың өздері бақылап отырады. Арнайы сараптама қорытындысында тұруға жарамсыз бөліктері сүріліп, жөндеуге болатыны бүгінделетін жаңа кешен құрылысы 2026 жылдың күзінде аяқталады деп жоспарланып отыр. Ондағы, яғни №2 арнаулы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығының 170-ке жуық тәрбиеленушісін таяуда ғана Көлсайға апардық. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін заманды бағдарлама әзірленді. Олар Көлсай көлінің жағалауында серуендеп, спорттық және шығармашылық шараларға қатысты әрі киіз үй қалашығында демалып, тамақтанды.

– Кез келген табысты компанияның тасасында қуатты кадрлық әлеует тұрады, Integra оны қалай қалыптастырды?

– Кадрларымызды сақтап қана қоймай, олардың біліктілігін арттыру – компания саясатының басым бағытының бірі. Сол үшін ішкі оқуға, мамандар қорын қалыптастыруға күш салып, еңбек өтілін жинау, тағылымдамандар өту бағдарламаларын енгізіп жатырмыз. Одан тыс, университет-колледж қабырғасынан жас та іскер буын тәрбиелеп, тәжірибеде қанатын қайтау үшін оқу орындарымен ынтымақтастық орнаттық. Жасанды сана ықпалы күшейген сайын заман талабына сай білікті мамандар құрамын әзірлеу қажеттілігі қатты сезіліп келеді. Жұмыс көрігі қайнаған қазіргі жазғы маусымда жұмысшы-қызметкерлеріміздің саны 4500-ден асты, олардың ішінде атадан балаға жалғасқан теміржолшы-құрылысшы еңбек әулеттері баршылық.

– Нарықта бәсеке, ал тапсырыс берушінің таңдау құқығы бар, сіздер өз қызметтеріңізді ұсынғанда неге сүйенесіздер?

Жоғарыда айтқанымыздай, біздің компания әрдайым құрылыс сапасын, стандарттарын, мерзімінде орындалуын бұлжытпай сақтауға ұмтылады. Кезінде кейбір салаға мектепті енді бітірген тұлғалар жаңадан қадам бассақ, бүгінде тәжірибеміз білім, сөзімізді ісіміз бекемдейтін сенімді мекемеге айналдық. Тапсырыс беруші де бұл мәселелердің бәрін таразыға салып, суранысын қанағаттандыра алатынымызды түйсінетіні анық.

– Шетел нарығына шыққан жобаларыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– Жоғарыда айттым, Әзірбайжан мен Ауғанстанда теміржол салдық. Одан бөлек, халықаралық ауқымдағы жобалардың ішінде Түркияның Газиантеп өлкесіндегі Нұрдағы қаласындағы 960 оқушыға арналған мектеп құрылысын айтып өтсек болады. Бауырлас елдегі алапат жер сілкінісінен соң Қазақстан тарапынан гуманитарлық көмек аясында бастауыш білім беретін 32 сынып пен мектепке дейінгі

оқуды қамтитын 4 сыныптан тұратын оқу ошағы зілзалаға төзімді, құрылыс талаптары сақталған қысқа мерзімде бой көтерді.

– Бүгінгі таңда компанияның жүктемесі қандай және алдағы жоспар-жобаларымен де бөліссеңіз?

– Бүгінде компаниямыз түрлі бағытта ірілі-ұсақты 100 жобаны жүзеге асырып жатыр. ҚТЖ-мен шарттық міндеттемелер аясында биылға 225 шақырым күрделі жөндеу көлемін жоспарласақ, қазірдің өзінде оның 121 шақырымын орындап қойдық.

Жаңа теміржол жобаларына тоқталсақ, 75 км Алматы айналма теміржолы аяқталып, елімізді Өзбекстанмен қосатын 174 км «Дарбаза – Мақтаарал» құрылысын жалғастырамыз. Соңғысы ғана Сарыағаш теміржол торабына түсетін жүктемесі 40%-ға азайтып, өңірдің транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінде 78%-ға аяқталған құрылысқа 1515 адам мен 1082 техника жұмылдырылған. Ал желі іске қосылғаннан кейін 500 тұрақты жұмыс орны ашылады. Жоба аясында 5 бекет салынып, 13 млн 275 мың текше метр жер жұмысы атқарылады және 33 көпір бой көтеріп, 130 су өткізу құбыры салынады. Жаңа теміржол арқылы Қытай мен Ресейден келетін жүк ағындығы Өзбекстан, Ауғанстан, Тәжікстан және Иран бағыттарына жеткізіледі. Сонымен қатар бұл бағытта жолаушылар пойыздарының қатынауы да жоспарланған.

Қарағанды мен Ұлытау облыстарының аумағында 323 км «Мойынты - Қызылжар» теміржол желісінің құрылысы жүріп жатыр. Жер қабаты, сонымен қатар су өткізу құбырлары бірге төселуде. Жобада жануарлар мен ауылшаруашылық техникалары жолында кедергіге ұшырамау үшін 21 жасанды құрылым қарастырылған. Барлық қажетті жұмыс екі жақтан қолға алынған. Ауқымды құрылысқа бүгінде 2 мыңға жуық адам мен 700-дей техника жұмылдырылған.


Сөз соңында, Integra халықаралық стандарттарға сәйкестігін растағанын білдіріп келеді. Тексеруді еуропалық сертификаттау компаниясының сарапшылары жүргізді. Аудит қорытындысы бойынша компания қызметті одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсынғандар алды. Сонымен қатар, сыни сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Бұл қолданыстағы менеджмент жүйесінің тиімділігін және жұмыс үдерістерінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көрсетеді. Компания сапа, экология және еңбек қауіпсіздігі салаларындағы жоғары стандарттарды тұрақты түрде ұстанып, өз қызметінің сенімділігін мен тиімділігін қамтамасыз етіп келеді. Алдағы уақытта да үдерістерді жетілдіріп, халықаралық үздік тәжірибелерді енгізу арқылы сенімді серіктес әрі жауапты жұмыс беруші ретінде дамуымызды жалғастырамыз.

– Әңгімеңізге рахмет, табысты болыңыздар!

Меруерт ӨМІРЗАҚОВА



# МАСШТАБНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ ВОКЗАЛОВ: КУРС НА КОМФОРТ И БЕЗОПАСНОСТЬ



**Любовь РОВБА,**  
Астана

Проект имеет важное социальное значение. Железнодорожный вокзал – это не просто транспортный объект, а ключевой элемент городской среды, своего рода визитная карточка, которая формирует первое впечатление о регионе и уровне его развития. В небольших населенных пунктах вокзалы становятся местом притяжения и неотъемлемой частью повседневной жизни людей, обеспечивая транспортную доступность и возможности для учебы, работы и получения необходимых услуг.

Именно поэтому модернизация вокзальной инфраструктуры стала одним из приоритетных направлений государственной политики. Одним из важных вопросов на сегодня является своевременное завершение модернизации и реконструкции железнодорожных вокзалов. Его можно считать социальным проектом, так как он направлен на улучшение пассажирской инфраструктуры, повышение комфорта и качества обслуживания населения, – подчеркнул, выступая на заседании Правительства РК, Премьер-министр Олжас Бектенев.

Главная цель программы – сделать вокзалы современными, удобными и безопасными для посетителей и персонала, увеличить их пропускную способность и улучшить качество обслуживания.

Необходимость масштабного обновления назревала давно. Большинство железнодорожных вокзалов в Казахстане построены еще в 1950-1970-е годы прошлого века, отдельные здания имеют возраст более 80-100 лет. Порядка 70% капитально не ремонтировались на протяжении нескольких десятилетий. 37 вокзалов по итогам технического обследования признаны аварийными и подлежат демонтажу. На их месте возводят новые современные здания.

Стоит отметить, что в определенный период железнодорожные вокзалы находились на балансе местных исполнительных органов и в частной собственности, что не давало возможности для их системного обновления и своевременного ремонта. К моменту запуска программы модернизации часть объектов все еще оставалась на балансе акиматов. Для проведения реконструкции их передала АО «НК «КТЖ» в доверительное управление.

Основанием для запуска проекта стало постановление Правительства РК, принятое в апреле 2025 года. Согласно документу, финансирование осуществляется за счет средств КТЖ, выступающего основным заказчиком. На реализацию программы из бюджета нацкомпании направлено 100 миллиардов тенге. Модернизация вокзалов является частью масштабной работы КТЖ по развитию железнодорожной отрасли. Параллельно компания реализует и другие

крупные инфраструктурные проекты – строительство новых железнодорожных линий и модернизация действующих путей, обновление парка вагонов и локомотивов, внедрение цифровых технологий.


Обновление вокзалов – это прежде всего забота о людях. С 2025 года строительные-монтажные работы развернулись на 121 объекте.

– Наши главные приоритеты – комфорт и безопасность пассажиров. Мы планомерно



работаем над улучшением всех сервисов, начиная с первых шагов на вокзале до прибытия в пункт назначения, – отмечает заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Мурат Торегельдин.

